



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 45/481
11 ноября 2016 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІНІҢ ДАЙДЖЕСТІ

*** ДАЙДЖЕСТ КАЗАХСТАНСКОЙ ПРЕССЫ

Н. НАЗАРБАЕВ ЖАПОНИЯҒА РЕСМИ САПАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ӨКІЛДЕРІ ҮШІН БАСПАСӨЗ БРИФИНГІН ӨТКІЗДІ

2016 ж. 09 қараша. Жапония, Хиросима қаласы.
Мемлекет басшысы сапар аясында өткен келіссөздер нәтижелі болғанын атап өтті.

— Біз сапар қорытындысында алдымызға қойған барлық міндетті орындадық деп санаймын. Қарым-қатынасымызға стратегиялық сипаттағы терең әрі өзара сенімге негізделген байланыс ретінде баға берген бірлескен мәлімдеме қабылданды. Үкіметаралық комиссия байланыстарымыздың басымдығы бар бағыттарын тағы да пысықтады, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті біздің республикаға жапон компанияларының келуі маңызды екенін айтып, шағын және орта бизнес саласындағы уағдаластықтарға, сондай-ақ Жапония кәсіпкерлерінің еліміздің ауыл шаруашылығына деген қызығушылық танытып отырғанына тоқталып өтті.

— Жапон компаниялары бізге келеді деп үміттенемін. Жапон бизнесінің «капитандарымен» кездескенде олар елімізге деген қызығушылық бар екенін айтқан еді. Біздің делегация мүшелері республикамыздағы бизнестің ахуалымен таныстырды. Қазіргі уақытта қаржы табу оңай емес, дағдарыс болғандықтан барлығы да үнемдеуге тырысады. Осындай жағдайда біздің елге көрсетілген құрмет жақсылықтың нышаны деп білемін, — деді Мемлекет басшысы.



Нұрсұлтан Назарбаев екі ел қарым-қатынасында антиядролық мәселе туралы тақырып ерекше орын алатынына назар аударды.

— Біздің Хиросимаға соққанымыз дұрыс болды. Қазақстан мен Жапонияның күш-жігерін жұмылдырып, ортақ бастамалар көтерудің маңызы зор. Оның үстіне «Әлем. XXI ғасыр» манифесінде мен осы ғасырда жаппай қырып-жоятын қарудан мүлдем арылу міндетін қойған едім, — деді Қазақстан Президенті.

дереккөз: <https://egemen.kz>

Партия өмірінен

XXII ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



Өткен сәрсенбі күні №1 қазақ орта мектебінің мәжіліс залында «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалының XXII-партия конференциясы болып өтті. Оған қаладағы 12 бастауыш партия ұйымдарынан сайланған делегаттар қатысты. Конференцияны «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев ашты. Конференцияның күн тәртібінде үш мәселе қаралды. Олар: 1. «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы Саяси Кеңесінің есептік кезеңдегі атқарған жұмысының есебі; 2. «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы Саяси Кеңесінің құрамын сайлау; 3. «Нұр Отан» партиясы Қарағанды облыстық филиалының партия конференциясына делегаттар сайлау. Приозерск қалалық XXII-партия конференциясының мандат комиссиясының құрамы туралы «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры, Приозерск қалалық мәслихатының депутаты Панар Айдарханқызы Жұмаханова сөзге шықты.

«Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы Саяси Кеңесінің есептік кезеңдегі атқарған жұмысының есебі бойынша Приозерск қалалық филиалының төрағасы, қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин баяндама жасады. Баяндама бойынша жарыссөзге «Приозерск қалалық кітапхана-

сы» КММ директоры, орталық кітапхана бастауыш партия ұйымының төрағасы Павлина Сиязбекқызы Кенжебекова, Халыққа қызмет көрсету орталығының басшысы, Приозерск қалалық мәслихатының депутаты Ерік Татқенұлы Балтышев, «Жас Отан» жастар қанатының хатшысы Ұлан Алмасұлы Алмас және Приозерск қаласының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің заңгері Әсет Жолдасбаевтер шықты.

Партия конференциясында қаралған мәселелер бойынша тиісті қаулы қабылданды. «Нұр Отан» партиясы Қарағанды облыстық филиалының партия конференциясына делегаттар болып Приозерск қалалық филиалының төрағасы, қала



әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы төрағасының орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев және «Жас Отан» жастар қанатының хатшысы Ұлан Алмасұлы Алмас сайланды.

«Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалының XXII-партия конференциясына Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков қатысты. Осымен партия конференциясы өз жұмысын

Нұрғали ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ,
Суретте: партия конференцияда.
Суретті түсірген автор

БРИФИНГ ПО ИТОГАМ ГОСУДАРСТВЕННОГО ВИЗИТА В РЕСПУБЛИКУ КОРЕЯ

11 ноября 2016 г. Республика Корея, г. Сеул
По завершении государственного визита Президента Казахстана Н.А. Назарбаева в Республику Корея, для отечественных средств массовой информации состоялся брифинг.

Президент Н.А. Назарбаев отметил, что были проведены успешные переговоры с южнокорейским лидером, состоялась встреча с представителями деловых кругов.

— Интерес к Казахстану очень большой, нашей делегации было уделено серьезное внимание, подписаны соответствующие документы, в том числе совместное заявление, определяющее стратегическое значение Казахстана для Кореи в Центральной Азии, — подчеркнул Нурсултан Назарбаев.

Глава государства подчеркнул торгово-экономическую составляющую двустороннего сотрудничества, обратив внимание, что корейский бизнес вложил порядка 10 млрд долларов в казахстанскую экономику, и работа по привлечению новых инвестиций активно продолжается.

— Мы говорили о том, чтобы южнокорейские компании, в частности, LG, участвовали в

крупнейшем проекте — газохимическом комплексе, — сказал Президент Казахстана.

Глава государства отметил, что активное взаимодействие с Южной Кореей имеет особое значение с учётом приоритетного развития перерабатывающих секторов казахстанской промышленности, диверсификации экономики.

— Визит был необходим, чтобы ещё раз подтвердить наше сотрудничество с этой важной страной, которая демонстрирует эффективное индустриально-технологическое развитие, — сказал Нурсултан Назарбаев.

В завершение Президент Казахстана — внимание на том, что продвижение взаимных связей с другими странами нацелено, прежде всего, на поиск новых возможностей для отечественной экономики.

— К концу 2016 года мои внешнеэкономические визиты завершаются на хорошей ноте — мы обрели новых друзей, «сверили часы» с нашими партнёрами. Это полезно для дальнейшего развития казахстанской экономики, а значит, и всего населения, — отметил Глава государства.

источник: www.akorda.kz

В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 2017 ГОДУ ОЖИДАЕТСЯ РОСТ ЭКОНОМИКИ

Первый заместитель акима области Асылбек Дүйсебаев провел областное селекторное совещание о планируемых показателях экономического роста в 2017 году, сообщает Zakon.kz со ссылкой на пресс-службу акима региона.

Начиная с 2015 года, акимы городов и районов области ежегодно разрабатывают Планы по обеспечению экономического роста на предстоящий год. В настоящее время акиматами продолжается работа по определению объемов выпуска продукции по видам, по проектам с разбивкой по месяцам следующего года. Стоит отметить, что акимы регионов несут персональную ответственность за достижение запланированных показателей.

По итогам текущего года, динамика развития отраслей экономики позволяет сказать, что рост валового регионального продукта ожидается на ранее одобренном уровне — 1,3%.

Как отметил А. Дүйсебаев, уже по итогам 9 месяцев текущего года индекс физического объема промышленного производства составил 105,2%



(1,3 трлн. тенге) — это первое место в Республике; объем валовой продукции сельского хозяйства — 104,8% (161,2 млрд.тг.), введено 271,7 тыс. кв.м. жилья.

На 2017 год спрогнозирован объем валового регионального продукта с ростом на 1,8% (3,5 трлн.тенге). Рост объемов ожидается в промышленности, строительстве, инвестициях и сельском хозяйстве.

источник: www.zakon.kz

МОЛОДЕЖНАЯ ПРЕМИЯ «КАЙНАР» АКИМА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Начался прием документов для участия в конкурсе на молодежную премию «Кайнар» акима Карагандинской области.

Комиссия по отбору лауреатов премии акима Карагандинской области, присуждаемой молодым гражданам области за плодотворную научную, творческую, профессиональную и общественную деятельность, получившую признание в молодежной среде на территории Карагандинской области, образована для проведения отбора лауреатов премии акима Карагандинской области.

Звание лауреата премии будет присуждаться на конкурсной основе.

Представление кандидатур на соискание лауреата премии производится местными и другими

государственными органами, творческими и профессиональными союзами, организациями и учреждениями, молодежными общественными объединениями Карагандинской области.

Лауреатами премии являются, согласно Закону Республики Казахстан «О государственной молодежной политике», граждане Республики Казахстан в возрасте от четырнадцати до двадцати девяти лет, кроме номинаций: «За вклад в развитие молодежной политики», «Лучший Дом юношества для детей-сирот, детей, оставшихся без попечения родителей», «Лучший молодежный ресурсный центр».

Премия вручается в торжественной обстановке, церемония награждения приурочивается к 25-летию Независимости Республики Казахстан.

источник: <http://ekaraganda.kz>

Болашағымыз – бірлікте!

«XXI ҒАСЫР – НАҚТЫ ҒЫЛЫМДАР ҒАСЫРЫ» АПТАЛЫҒЫ



Биыл өз тәуелсіздігінің 25-жылдық мерейтойын тойлағалы отырған Тәуелсіз Қазақстанның болашағы өсіп, өніп келе жатқан жастарымыздың қолында десек артық айтпаған болар едік. Осы жастардың жақсы тәрбие алып, бірлігі жарасқан көпұлтты Қазақстан халқының игілігіне қызмет ететін азамат болып қалыптасуы жолында ұстаздар қауымының атқарып отырған ролі өте зор. Жақында осы айтулы мереке – Қазақстанның Тәуелсіздігінің 25-жылдығына орай Приозерск қаласының №1 жалпы білім беру орта мектебінде «XXI-ғасыр – нақты ғылымдар ғасыры» тақырыбында апталық өткізілді. Аталмыш апталықтың мақсаты: Оқушылардың нақты ғылымдар бойынша бағдарламалық білімдерін кеңейту, пәнге деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы үлгерімдерін көтеру, шығармашылық қабілетін дамытып, ой-өрісін кеңейту; Математика, физика және информатика пәндеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Оқушылардың бойында білімге деген қажеттілікті сезіну, білім алу үшін өз бетінше іздену, жаңашылдыққа ұмтылу қасиеттерін тәрбиелеу-сабақта ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда да жүзеге асырылуы керек. Осындай жұмыстың маңызды бір бағыты – пәндік апталық болып саналады. «XXI ғасыр нақты-ғылымдар ғасыры» деп елбасымыздың қойып отырған маңызды міндетінің негізгі салмағы да осы үш пән-математика, физика және информатикаға бағытталған. Сондықтан да биылғы оқу жылында өткізілетін апталықтың тақырыбын да барлық іс-шараларды да жүйелі түрде осы ғылымдар негізін тереңірек аша түсуге, әр баланың осы пәндерге деген қызығушылығын арттыруға бағыттадық.

Апталықтың мақсаты мен міндеттері нақтыланған соң, аптаның әр күні нақты бір тақырыпта жаңаша жұмыс үлгісі жүзеге асырылып отырды. Әрине бұл пән мұғалімдері тарапынан өте үлкен ізденіс пен шығармашылық талап етеді. Біздің пән бірлестігінің әр мүшесі осы талап үдесіне шыға біліп, өз шығармашылықтары мен шеберліктері көрсете білді.

Алғаш болып Назира Шакетованың ұйымдастыруымен «XXI ғасыр – нақты ғылымдар ғасыры» атты апталық 5-6 сыныптар арасында қойылыммен ашылды. Бұл күні оқушылар топтық сайысқа түсіп өзіндік шығармашылық белсенділіктерін көрсете білді, сайыс өте қызықты өтті. Бұдан соң 8-сыныптар арасында математика пән мұғалімі Н.Шербасованың ұйымдастыруымен «Математикалық ғажайып алаң» тақырыбында сайыс өткізілді. Сайыста оқушылар барлық ғылымдар падишасы – математиканың қыры мен сырын ашып, оның басқа ғылымдармен байланысын жан-жақты көрсете білді.

Аптаның сәрсенбесінде «Информатика-ақпараттар ғылымы» күні информатика пәні мұғалімдері Н.Ұлмаханов пен Ш.Медетовтер 10-

сыныптар арасында оқушылар шығармашылығына негізделген «Ғаламторға тәуелділік - ғасыр дерті ме?» атты пікір талас өткізді. Пікір талас өте қызықты да мазмұнды болды. Бұдан әрі математика пәні мұғалімі А.Қ.Болаттың ұйымдастыруымен бейсенбі күні 9-сыныптар арасында «Математикалық дәмхана» интеллектуалды ойын өткізілді. Интерактивтік тактаның мүмкіндіктерін шебер пайдаланған ұстаз бұл шараны өте қызықты етіп өткізді және оқушыларға үлкен әсер қалдырды. Көрнекіліктері эстетикалық талғаммен жасалуы да оқушыны қызықтыруға, талғамын тәрбиелеуге көп әсерін тигізді.

Аптаның жұма күні физика пәні мұғалімі Ф.Бердалиеваның ұйымдастырған 7-сыныптар



арасындағы «Жас физиктер» сайысына арналды. «Жас келсе – іске» деген қағиданың шынайылығын жас мұғалім Ф.Бердалиева өзі өткізген сайысында дәлелдей білді. Сайыс балаларды жеңіске талпындырып, өз білімдерін барынша көрсетуге үйретеді білді. Сенбі апталықты қортындылау күні болды. Апталықта болып өткен әрбір сайыста оқушылар өздерінің танымдылық қабілеттерін, шығармашылық белсенділіктерін, логикалық ойлау қабілеттерін, шашпандықтарын және жаңа технологияны жақсы игере алатындарын көрсетті. Апта бойы әр бала логикалық есептер байқауына берілген есептерге жауап тауып, өз білімі мен логикалық ойлау қабілетін танытуға мүмкіндік алды. Сайысқа қатысып, жүлделі орынға ие болған топтар мен оқушыларға мақтау қағаздары тапсырылды. Бұл күні «Ең үздік қабырға газеті» және «Ең үздік математик» конкурсының жеңімпаздарын марапаттау болды. Апталық өте қызықты әрі көңілді өтті. Бұл күні «Ең үздік қабырға газеті» және «Ең үздік математик» конкурсының жеңімпаздарын марапаттау болды.

Апталықтың мәнді де мазмұнды және ұйымшылдықпен өтуіне мектептің барша ұстаздары мықты ауызбіршілікпен атсалысты. Бірлік пен ұйымшылдық барда үлкен нәтижелерге қол жеткізетініміз сөзсіз. Қорыта келе айтарым, ұстаз – жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам мен халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Ол – әрі ғалым, әрі шешен, әрі көшбасшы бола білсе ғана алдында отырған шәкірті білімді болады, ал шәкірті болашақта Тәуелсіз Еліміздің тұтқасын берік ұстаз азамат болады.

Серік ТӨҢКІБАЕВ,

жоғары санатты математика мұғалімі.

Суретте: апталықтан көрініс.

ЭКСПО-2017

ЯПОНИЯ ПРЕДСТАВИТ НА ЭКСПО-2017 САМЫЕ ПЕРЕДОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ИННОВАЦИИ В СФЕРЕ АЛЬТЕРНАТИВНОЙ ЭНЕРГЕТИКИ



В Токио состоялось подписание Договора об участии Японии в Международной специализированной Выставке «ЭКСПО-2017».

Документ подписали Председатель Правления АО «НК «Астана ЭКСПО-2017» Ахметжан Есимов и Комиссар японской секции Выставки Томиясу Накамура.

Глава Нацкомпании отметил, что Япония стала одной из первых стран, которая подтвердила свое участие в Выставке. Ахметжан Есимов поблагодарил японскую сторону за поддержку инициативы проведения ЭКСПО-2017 на тему «Энергия будущего» в г.Астана.

«Опыт и успех Японии в подобных мероприятиях, которые были продемонстрированы

на выставках ЭКСПО в городах Осака, Цукуба и Аичи, служат для нас ярким примером качественной организации Выставки», - сказал Ахметжан Есимов.

В свою очередь комиссар японской секции заявил, что Япония, как страна, занимающая одно из передовых мест в области альтернативной энергетики, продемонстрирует на ЭКСПО-2017 свои лучшие инновации в сфере ВИЭ.

«ЭКСПО-2017 станет эффективной площадкой для презентации научного потенциала нашего государства в области возобновляемых источников энергии и придать новый импульс развитию многостороннего партнерства в данной сфере», - заявил Томиясу Накамура.

На данный момент 105 стран и 17 МО официально подтвердили свое участие в ЭКСПО-2017.

ОВП, КИРЯ г.Приозерск

Болашаққа үлес қосу - әр азаматтың парызы

ҚАЛАҒА ҚАНАТ ҚАҚТЫРҒАН



Кеңестік жүйенің керегесі күйреп, шаңырағы ортасына түскен күннен бастап-ақ қаланың болашағы бұлыңғыр тартқаны рас. Ресей әскерлерінде ауқымды қысқарту жүргізіліп, көптеген әскери бөлімдер Ресейдің басқа өңірлеріне үдере көшуге кіріскен. Көшіп жатқандар құр кетпей, өздерінің су ішкен құдықтарына түкіріп кетудің кейпін танытқаны жасырын емес қазір. Біраз тұрғын үйлер мен нысандарға айтарлықтай залал келтірілгенін өз көзімізбен көрдік және осында қалған елден естідік. Қаланың болашағы сын тезіне түскен кезде оны сақтап қалудың әрекеті жасалуы тиіс болатын.

Босап қалған ондаған тұрғын үйлер мен маңызды нысандарға өз еліміздің азаматтары иелік етіп, шағын шаһардың еңсесін қайта көтеруі қажет еді. Осы маңызды мәселені қаперге алған жоғарыдағы басшылар қаланы сақтап қалу үшін оған тәжірибелі, ұйымдастыру қабілеті жоғары, іскер адам керектігін ескеріп, таңдау Сағымбай Мұхатайұлы Медеубаевке түскен екен. Осылайша Сағымбай Мұхатайұлы 1993-жылдың тамыз айында Приозерск қаласы әкімшілігіне басшы болып тағайындалған.

Сәкенді аса жауапты қызметке жіберуі жайдан-жай емес еді. Басшылар оның бұл жұмыстың үдесінен шығатынына үлкен сенім артты, тығырықтан шығар жол табатынын білді.

Еңбек жолын қарапайым жұмысшылықтан бастағана С.Медеубаев 1970-1975-жылдары сол кездегі Целиноград қаласындағы ауыл шаруашылығы институтында жоғары білім алып, агроном мамандығы бойынша бітірген. Кейіншілік, 1987-1989-жылдар аралығында СОКП Орталық комитетінің жалпы ғылымдар Академиясынан дәріс алған. Жоғарғы оқу орнын бітірген соң 1975-1977-жылдары Жезқазған облысы Ағадыр ауданында өзінің агроном мамандығы бойынша қызмет ете жүріп, еңбекқорлығымен, біліктілігі және ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен оның қызметтік дәрежесін өсіруге жоғарғы басшылық шешім қабылданды. Сөйтіп ол Ағадыр аудандық комсомол комитетіне екінші хатшы болып тағайындалды. Жастық жалынның аудан жастарының жігерін жанып, еңбек қызметтегі істерінің нәтижелі болуына жұмсады. Бұл жерде екі жыл тәжірибе жинақтаған соң, Жезқазған облыстық партия комитетінде нұсқаушы, ұйымдастыру-партиялық жұмыстары менгерушісінің орынбасары секілді жауапты қызметтерді атқарған. Ол кезде маман қызметкерлерді қатты қадағалайтын партиялық бақылаудың тезінен өткен, 34 жастағы Сағымбай Мұхатайұлы 1986-жылдың шілдесінде Шет аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымдық қызметіне тағайындалған. «Жас келсе – іске» демекші, жас та болса, ауданның бірінші басшысы ретінде аса жауапты қызметтің үдесінен шыға білді. Өстіп, басшылық қызметтегі өмір жолы басталып кеткен. 1991-93-жылдарда Шет аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарады. Міне, қарапайым жұмысшыдан бастаған еңбек жолы ауданның бірінші басшысына дейін қызметтік сатымен өскен, өмірдің өзінен және қызметтік мәртебеден мол тәжірибе жинақтаған Сәкеннің Приозерск қаласын қайта қалпына келтіруге өресі мен білімі, біліктілігі жетеді деп ойлауы заңды болатын.

Кеңестік кезеңде бұл қалада жергілікті халық пен қазақтар саусақпен санарлық қана болғанын осында тұрған елдің айтуы арқылы білеміз. С.Медеубаев қала басшысы болып келгенде де солай болатын. Қалаға ел-жұртты жинау оңай болмады. Алғашқы екі жыл айналандан қызметке, еңбекке қажетті адамдарды қалаға тартуға арналды. 1992-жылы Алматыда Дүние жүзі қазақтарының бірінші Құрылтайы өткені белгілі. Осы Құрылтайдан кейін Қазақстан Президенті әлемнің әр қиырында шашырап жүрген қазақтарды өз Отандарына қайтуға шақырған Үндеуі жарияланды. Аталмыш Үндеуден соң Өзбекстан мен Монғолиядан көштің алғашқы дүркіні басталып кеткен еді. Осыны ескерген С.М.Медеубаев сол кездегі Жезқазған облысының әкімі болған Қажымұрат Нағмановпен кеңесіп, Өзбекстан Республикасының қазақтар тығыз орналасқан аудандарынан халықты көшіріп алу мәселесін қарастырған. Аймақ әкімі тарапынан қолдау тапқан соң бұл іске қызу кірісіп кетеді. Қалаға қандастардың алғашқы тобы 1995-жылдың басында

табан тірейді. Бұлар Бухара облысының Газли қаласынан Жамбыл, Шымкент облысының елді мекендеріне бұрынырақ көшіп келіп, орналаса алмай, үйренісе алмай жүрген жұрт болатын. Қала әкімінің емеурінін естіген жұрт Приозерскке көшуді қалайды және әкіммен жолығып, сөйлесіп, келісе отырып қоныс аударуға шешім қабылдаған. Ал, 1995-жылдың шілдесінде айынан бастап Өзбекстанның Науаи облысының Тамды, Кенимех, Үшқұдық аудандарынан қандастарымыз топтаса көшіп келе бастағаны белгілі. Қала әкімінің тікелей бастамасымен Жезқазған облысының әкімі Қ.Нағмановпен келісе отырып арнайы үсті жабық, ұзын қорапты жүк көліктері бөлінді. Көшіп келіп жатқандарға облыстық бюджеттен көш-қон басқармасы арқылы адам санына қарай жәрдемақы берілді. Әкімдік тарапынан қолдан келер барлық материалдық, моралдық көмек көрсетілді.



Жұмысқа жарамды адамдарды қызметке, жұмысқа орналастыру жағы қарастырылды. Көшіп келушілердің тізімін жасап, олардың жай-күйін қадағалап отыру үшін қала әкімі С.Медеубаев көпті көрген, елдің ақсақалы Мырзабек Хизировты өзіне кеңесші етіп алды. Қоныстанушы жұрттың мұн-мұқтажы мен тіршілігін осы арқылы біліп отырды.

Осы кездері қаланың тыныс-тіршілігіне жан бітіп, қызу жұмыстың басталған кезеңі болды. Қаладағы бос қалған, бірақ жөндеуге келетін үйлер мен пәтерлердің жөндеу жұмысы жүріп жатты. Қиын-қыстау кез болуына қарамастан, көшіп келген халықтың жаңа қонысқа бейімделуіне және сіңісіп, тұрақтап қалуына барлық жағдай жасалды. Бұл сәттер қанатынан қайрылған, ағашқа қонақтап қалған құстың күйін кешкен қаланың алғаш қанатын серпіген кезеңі еді. Жасыратыны жоқ, қаланы қалпына келтіру үшін мемлекеттен бөлінген қомақты қаржыны өздеріне сіңіру үшін жіберілген жаңа әкімнің өз командасымен келуі халықты біраз әуре-сарсаңға салғанына күміз. Ел-жұрттың қамын жеген С.М.Медеубаев басқа қызметке ауыстырылды да, жаңа әкімнің командасы өз білгендерін жасап басты. Арадан жыл өткенде олардың жемқорлық әрекеттері әшкереленіп, тиісті жазаларын алды. 1996-1998-жылдар аралығында Сәкен басқа қызметтерде жүргенде қалада бірнеше әкім ауысып үлгерді. Қала халқының облыстық, Республикалық деңгейдегі құзырлы орындарға жиі-жиі хат жазып, өтініш жасауына байланысты 1998-жылдың шілдесінде С.Медеубаев қалаға әкім болып қайта оралды. Одан кейінгі ол кісінің бастаған еңбектері мен қызметі көз алдымызда өтті. Осы қаланың қатарға қосылуына және қандастарды көшіріп алып, қоныстанып қалуына орасан күш-қуат жұмсап, еңбегін сіңірген Сағымбай Мұхатайұлын қала қалқы әлі күнге естеріне алып, ризашылық сезімдерін, алғыстарын білдіріп отырады.

Өзінің қызметтік дәуірінде С.М.Медеубаев бірнеше мемлекеттік мадақтауларға ие болған. Атап айтқанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын барыс» төсбелгісімен, екі рет Қазақстан Республикасының төсбелгісімен, I, II және III дәрежелі «РФ ҚК үздік қызметі үшін» және «КСРО әуе қорғаныс күштерінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдық, Қарағанды облысының 80 жылдық мерейтойлары шеңберінде өтіп жатқан ісшаралар барысында аймағымыздың және Приозерск қаласының дамуына, өсіп-өркендеуіне өзіндік елеулі үлес қосқан атпал азаматтың еңбегі мен қызметін бір сәт еске алып, өзгелерге үлгі етуді көздеген мақсатымыз орындалды деп ойлаймын. Сәкен секілді азаматтарымыз көп болса, еліміздің даму қарқыны да үдей түсері сөзсіз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттік арнаулы тілшісі.

Суретте: Приозерск қаласының құрметті азаматы С.М.Медеубаевтың халықты қаланың 60-жылдық мерейтойына тереңірек құттықтан тұрған сәті Суретті түсірген Б.Кенжебеков.



Мұғалімдерге арналған семинар

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау рәсімдерін практикалық түрғыда қолдану жолдары

Бүгінгі басты бағыт орта білім беруді жүйелі жаңғырту жағдайында жұмыс істеуге дайындау арқылы мұғалімдерге жан-жақты қолдау көрсету болып табылады.

Осыған орай 2016 жылдың 3 қазанында Қарағанды облысы Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектеп мекемесінде

тебінің бастауыш сынып мұғалімі П.Ержанова шеберлік – сағаттарын көрсетті. Сабақ барысында оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыратын, оқушылар сабақты өздігінен игере алатындықтарын, ал негізгі өз ойын ашық жеткізе алатындығын іс-тәжірибеде көрсетті.

№1 жалпы орта білім беретін мектебінің орыс тілі пән мұғалімі Р.Демесинова, №2 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Д.Абдиганпарова «Бағалау мазмұны және бағалауды рәсімдеу туралы» қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар құрастыру бойынша тренингтер өткізді.



«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» және қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен, бірінші сыныпқа сабақ беретін мұғалімдерге арналған «Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау рәсімдерін практикалық түрғыда қолдану жолдары» тақырыбында қалалық семинар өтті.

Семинардың мақсаты: бағалау және оны рәсімдеу жолдарын тәжірибелік түрғыда көрсете отырып, тәжірибе алмасу.

Семинар барысында Қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі А.К.Чалгинбаева бастауыш сыныптар бойынша жаңартылған білім мазмұнына сәйкес нормативтік-құқықтық құжаттарға тағы да бір тоқталып өтті. Білім бөлімінің әдіскерлері Қ.И.Ибраимова, П.И.Шойбекова, А.Қ.Мухаметжанова семинар барысында ұстаздармен белсенді түрде жұмыс жүргізді. Сондай-ақ «Оқыту және білім берудегі жаңа тәсілдер» тақырыбында №1 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Ұ.Мамелскова, №2 жалпы орта білім беретін мек-

оқушылар портфолиоcы бұрышын ұйымдастырды. Сонымен қатар критериялды бағалау барысындағы кері байланыс пен оқушылардың портфолиоcы ерекшелігі бойынша ұстаздар өз тәжірибелерін ортаға салып, көмек ретінде портфолио үлгісін ұсынды.

Семинарға №1 жалпы орта білім беретін мектептің, №2 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері белсене, қызығушылықпен қатысты. Жұмыс барысында шеберлік танытқан ұстаздарға семинар соңында «Алғыс хат» пен сертификаттар тапсырылды. Қорыта айтқанда, міндет ауыр, мақсат айқын. Отандық іс-тәжірибе негізінде әлемдік тәжірибедегі алдыңғы қатарлы идеяларды басшылыққа ала отырып, функционалды сауаттылығымызды арттыру үшін сыни түрғыда ойлай алатын мұғалімдер қатарын көбейтсек, жақсы нәтижеге жететіміз сөзсіз.

Перизат Шойбекова, Приозерск қаласының білім бөлімінің әдіскері

25-қараша — Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық көрсетуді жоюдың халықаралық күні

«ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ 16 КҮН» АКЦИЯСЫ

Қазақстан аумағында «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты бірлесіп тоқтатайық!» атты акциясы басталды.

Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілікті жою туралы (Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 29-шілдеде ратификациялаған) конвенция ережесіне сәйкес, жыл сайын, 25-қараша — Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық көрсетуді жоюдың халықаралық күні деп есептеледі. Осыған орай, «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты бірлесіп тоқтатайық!» ұранымен «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясы басталып, 10-желтоқсанға дейін жалғасады. Осы іс-шараны өткізу үшін мүдделі мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, жұртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдарын тарту мәселелері қарастырылуда.

Акцияның негізгі мақсаты — әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша көпшілік халықты ескерту, әйелдерге қатысты

зорлық-зомбылық жасауға бейім адамдармен жеке алдын алу жұмысын жүргізуге бағытталған жүйелі қалыптастыру бойынша қабылданып жатқан шаралармен таныстыру.

Акция барысында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» Заңның негізгі ережелерін түсіндіру бойынша жұмыстар, сонымен бірге іс-шараны өткізу шеңберінде кездесулер өткізіліп, буклеттер, жадынамалар мен плакаттарды үлестіру және оларды қала көшелерінде, алаңдарда, базарларда тарату бойынша жұмыстар жүзеге асырылады.

Акция кезеңінде әйелдерге әр түрлі құқықтық мәселелер бойынша консультативтік көмек көрсету мақсатында уәкелетті полиция пункттерінің жанында жергілікті мемлекеттік органдардың сенім телефондары жұмыс істейді.

Д. Шатекова, Приозерск қаласының әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясатты жүзеге асыру бойынша комиссиясының хатшысы

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ СОТЫНДА ӨТКЕН ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Қарағанды облысы Приозерск қалалық сотында «Әкімшілік істер бойынша сот актілерінің орындалуы» тақырыбында Приозерск қаласының ПБ-нің учаскелік инспекторлары, жеке сот орындаушы, прокуратура және сот қызметкерлерінің қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында сот төрағасы Б.А.Адепбеков қаралған әкімшілік істер бойынша айыппұлдарды мемлекет пайдасына орындалмай тұрған істерді атап өтті. Соның кесірінен мемлекет қазынасына қаржылар түспей, сот қаулылары орындалмай отырғанын айтып, дөңгелек үстелге қатысушыларды хабардар етті. Іс шараға қатысушылар тақырып бойынша мәселелерді қызу талқылап, өздерінің ұсыныс-пікірлерін, ойларын айтты.

Сот төрағасы Б.А.Адепбеков дөңгелек үстел жұмысын қорытындылап, қатысушыларды сот актілерінің орындалуына байланысты туындайтын мәселерді шешуде бірлесіп жұмыс жасауға шақырды. Сондай-ақ әкімшілік істерінің орын-



даусыз қайтырған сот актілері бойынша Приозерск қалалық ПБ-нің учаскелік инспекторлары, жеке сот орындаушымен бірігіп, атсалысып орындалуына шара қолданып деп тапсырылды.

Приозерск қалалық сотының баспасөз қызметі

15-қараша – Қаржы саласы қызметкерлері күні

ҚАРЖЫ САЛАСЫН ЖЕТІК МЕНЦЕРГЕН

Қаржы-есеп саласында көп жылдан бері қызмет етіп келе жатқан Динара Рамазанқызы Әбжанованы сол жылдардан бері жақсы таным. Жылы жүзді, кішіпейіл, көрген жерде сәлемінен жаңылмайтын биязы қыздың өзі өскен отбасында жетерлік дәрежеде тәрбие алғандығын байқататын. Мұндайды қазақ: «Уызында жарыған» деп жатады. Ол алғаш қалаға келген жылдары коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарда қызмет етіп жүрді. Динараның есепке жүйріктігі, іскерлігі, әрбір ісін тыңғылықты атқаратын ұсынақтылығы осы жерде байқалған. Динара Рамазанқызы – қаржы жүйесіндегі өз жұмысын 1995-жылдың 1-қарашасынан бастаған. Қаржы бөлімінде 1998-жылдың қараша айынан бастап бас маман, бас есепші, коммуналдық меншік бойынша бас маман болып қызметтер атқарды. 2007-жылы кәсіпкерлік бөлімінің басшысы болып тағайындалып, басшылық қызметте де өзінің іскерлігін көрсете білген.

Еңбек ету кезеңінде кәсіпорындар мен мекемелерде қаржылық және шаруашылық қызметті, сонымен қатар, материалдық және ақша қаражаттарын мақсатты, тиімді пайдалануын қамтамасыз етті. Қаржылық тексеріс кезеңдерде бақылау органдары тарапынан ескертулер болмаған екен. Қаржы саласының қыры мен сырын меңгеруге құнттап кіріскен ол өзінің кәсіби қызмет жолында бірнеше есепшілер дайындап, ұстаздық дәрежеге жетті және бухгалтерлік есептің ұйымдастырылуына ерекше үлесін қосты. 2013-жылдың қазан айынан бастап экономика және қаржы бөлімінің сектор меңгерушісі қызметін атқара отырып, бюджет қаражатының, соның ішінде республикалық және облыстық бюджеттен бөлінетін мақсатты трансферттердің уақытылы игерілуін қамтамасыз етеді.

Ұсынақтылық, ширақтық, байқағыштық пен сабырлық секілді қаржы маманына аса қажетті қасиеттер бар бойынша табылатын Динара қызметтік өмір жолында қателіктер жасап көрмеген және алғыс пен ризашылық алып келеді. Оған берілген ұжым басшылығының мінездемесі де көңіл қуантады. «Мекемеде жұмыс атқарған уақыт аралығында өзін тәртіпке бағынатын, жауапкершілігі мол маман ретінде көрсете білді. Тапсырылған жұмысты дәл уақытында сапалы орындайды, мамандығына сай іс-шараларға қатысып, әрдайым кәсіптік деңгейін жағарылауға тырысып жүреді. Өзіне сеніп тапсырылған қызметінің барлық түрін тиімді атқара алады. Оны еңбеккерлік, әділет пен принциптілік, адалдық пен ашықтық ерекшелейді. Өзінің міндеттерін ұтымды үйлестіреді, жағымды жағынан көрсете біледі», - дейді ұжым басшысы Наталья Михайловна. Динараның қаржы саласындағы еселі еңбегі мен қалтқысыз қызметі ескерілмей қалмаған. 2013-жылы нәтижелі еңбекпен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін Қарағанды облысы әкімінің «Құрмет» грамо-



тасымен марапатталыпты. Динара Рамазанқызының көңілге қонымды адамгершілік қасиеттері мен қызметтегі жетістіктерінің бәрі атагегінен дарығаны сөзсіз.

Д.Р.Әбжанова Бұрынғы Ағадыр ауданы, қазіргі Шет ауданына қарасты Ақшағұл ауылында 1972-жылғы қазан айының 20-жұлдызында дүниеге келген. Ата-анадан өрбіген он бір баланың тоғызыншысы. Әкесі Рамазан ақсақал 40 жыл бойы мектеп директоры болып қызмет етті. Анасы балаларын бағып-қағып, бар ғұмырын солардың тәрбиесіне бағыштаған. Ол заманда мұғалім аты зиялы қауыммен тікелей байланысты болатын. Мұғалімнің, әсіресе мектеп директорының баласы болуы – балаға үлкен жауапкершілік жүктейтін. Ұстаздың ұл-қызы сабақтан тек үздік болуы керек деген ұғым қалыптасқан еді. Мұны ата-ана да тәптіштеп ұғындырып отыратын-ды. Сондықтан Динараның да сабақтан жақсы оқымау мүмкін емес еді. Ауылындағы «Ақбұлақ» орта мектебін жақсы бағалармен, әсіресе математиканы үздік бітірген Динара қаржы-есеп мамандығын таңдаған. Сөйтіп, Қарағанды мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Өзі қалап түскен жоғарғы оқу орнын көңілдегідей аяқтағаннан бергі кезеңде қаржы саласының білікті маманына айналды. Ол өз саласында аймағымыздың, қаламыздың дамуына өзіндік субелі үлесін қосып жүрген мамандардың бірі. Динараның бүгінде жеткен жетістіктері Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына, облысымыздың 80 жылдығына арнаған сыйы деп есептейміз. Динара Рамазанқызы мен оның ұжымын кәсіби мекелерімен құттықтаймыз және мол табыс пен жетістіктер тілейміз!

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ

К СВЕДЕНИЮ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ
Все услуги Палаты предпринимателей вы теперь сможете заказать онлайн, воспользовавшись мобильным приложением «AtamekenServices!»
Сейчас приложение Atameken Services доступно для аппаратов на Android: https://play.google.com/store/apps/details?id=kz.npp.nppapp. Приложение для iOS будет доступно к началу декабря. Также онлайн-заказы услуг доступны на веб-ерсии: http://services.palata.kz
Благодаря проекту НПП «единое окно» для оказания электронных услуг для бизнеса, предприниматели смогут дистанционно заказывать услуги НПП «Атамекен» с использованием мобильного телефона, планшета или компьютера.
На сегодняшний день в Реестре услуг Atameken Services доступны 76 бесплатных услуг по 8 направлениям не финансовой поддержки, а также услуга по поиску информации о юридическом лице по реквизитам.
Приозерский филиал НПП Карагандинской области



Мүмкіндігіңді пайдаланып қал!

Балаларға базарлық

МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУ ТУРАЛЫ ШАҒЫН АҚПАРАТ

Бірінші кезекте, мүлікті жария ету дегеніміз табыстарды жасыру мақсатында заңды экономикалық айналымнан шығарылған және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген не тиісті емес тұлғаға ресімделген мүлікке құқықтарды мемлекеттің тану рәсімі екендігін атап өту қажет. Сонымен бірге, жария етілген капитал түрінде экономикаға қосымша қаражатты тарту оның басты мақсаты болып табылады. Науқан бар мүлікті жария етуге және заңды айналымға енгізуге мүмкіндік береді.

Жария етуге жататын мүліктер:

- 1) ақша;
- 2) бағалы қағаздар;
- 3) заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі;
- 4) оған құқық немесе ол бойынша мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын, басқа адамға ресімделген жылжымайтын мүлік (ғарыш объектілерінен және магистральдық құбырлардың желілік бөлігінен басқа);
- 5) құрылыс нормалары мен қағидаларына, сондай-ақ өздері орналасқан, жария ету субъектісіне меншік құқығында тиесілі жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының аумағында тұрған үйлер (құрылыстар, ғимараттар);
- 6) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүлік жария етуге жатады.

Жария етуге жатпайтын мүліктер:

- 1) сот тәртібімен оған құқықтар даулап жатқан;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында оған құқықтар беруге жол берілмейтін мүлік;
- 3) кредиттер ретінде алынған ақша;
- 4) мемлекет пайдасына берілуге жататын мүлік;
- 5) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимыл-

дар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы № 1039 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру шеңберінде құрылыс бюджет қаражаты есебінен аяқталған жылжымайтын мүлік объектілеріндегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар жария етуге жатпайды.

Құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген, Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлікті жария ету үшін құжаттарды беру мерзімі 2016 жылғы 30 қарашада және өзге де мүлікті жария ету үшін құжаттарды беру мерзімі жария ету мерзімі өткенге дейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей аяқталады.

Ақша мынадай тәртіппен:
1) ұлттық және (немесе) шетел валютасында екінші деңгейдегі банкте, Ұлттық пошта операторында ашылған ағымдағы шотқа салу (аудару) және тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органына арнайы декларацияны тапсыру арқылы жария етілуге жатады.

2) екінші деңгейдегі банкте, Ұлттық пошта операторында ағымдағы шотқа ақшаны салмай (аудармай) – жария етілген ақшаның сомасынан алымды төлеу және тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органына арнайы декларацияны тапсыру арқылы жария етілуге жатады.

Бүгінгі таңда кірістер мен шығыстарды жалпыға ортақ декларациялау алдында мүлікті жария ету мәселесі өте өзекті болып тұр. Қазір мемлекет бұрын салық салудан жалтарған және заңсыз экономикалық айналымнан шығарылған мүлікті жария етудің бірегей мүмкіндігін беріп тұр. Азаматтар өздерінің мүлкін жария ету туралы шешімін өздері қабылдайды.

Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

ҚОШ КЕЛДІҢ, АЛТЫН КҮЗ

2016 жылдың 7-қарашасы күні «Айналайын» бөбекжайында I кіші сәбилер «Балапан» және «Ботакан» топтарында табиғаттың әсем де сұлу күз мезгіліне арналған «Қош келдің, Алтын күз» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Мекеменің концерт залы мерекеге сай безендіріліп, онда Алтын күз мерекесіне тәрбиеленуші бүлдіршіндердің өз ата-аналарымен бірлесе отырып табиғи материалдардан жасап келген қол өнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырылды.

Мерекелік іс-шараның алға қойған мақсаты балалардың күздің берер жемісі туралы білімдерін бекітіп, ой-өрістерін, сөздік қорларын, шығармашылық қабілеттерін арттырып, табиғатты сүйуге, оны аялауға және еңбекқорлыққа тәрбиелеу болды. Ертенгілік барысында Күз ханшайымы Санырауқұлақ, Қолшатыр, Күн және



Бұлт сияқты ертегі кейіпкерлері қонаққа келіп, балалармен «Жапырақтар» биін билеп, күз туралы әндері мен такпақтарын тыңдады. Оның соңынан бүлдіршіндер мен ертегі кейіпкерлері қосылып «Күзгі жемістер» әнін орындады. Сондай-ақ, ертегі кейіпкерлері кішкентай бүлдіршіндермен «Жанбыр тамшылары» және «Жемістер мен көкөністерді жинау» ойындарын ойнап, балалардың көңілдерін бір көтеріп тастады. Мереке соңында бүлдіршіндерге күздің сыйы ретінде жемістер сыйланды. Мағыналы да мәнді ұйымдастырылған ертенгілік бала тәрбиесінде өз орнын тауып, бүлдіршіндердің ой өрісінің кеңеюіне айтарлықтай үлес қосты деген ойдамыз.

А.Т.Ахметова,
«Айналайын» бөбекжайының әдіскері



С заботой о здоровье

ПРИРОДНАЯ КЛАДОВАЯ - ХУРМА



возможность насладиться ею!

Хурма — невероятно полезный продукт, который появляется в нашем доме в преддверии первых холодов. Как же здорово иметь возможность насладиться ею!

сохранила в себе всё солнечное тепло и попала к нам на стол, чтобы поделиться им с нами.

Потребление хурма благотворно влияет на наш организм, в том числе:

Способствует быстрому снижению веса
Диетологи всего мира отмечают, что хурма — весьма эффективный продукт, способствующий быстрому снижению веса. Несмотря на то, что хурма — довольно сладкий фрукт, она обладает низкой калорийностью. На сегодняшний день огромную популярность обрели диеты с включе-

нием хурмы в свой ежедневный рацион. А всё благодаря тому, что этот продукт способен за короткий срок насытить организм. Разумеется, что, соблюдая подобную диету, следует правильно питаться и вести здоровый образ жизни.

Улучшает работу желудочно-кишечного тракта

Врачи настоятельно рекомендуют употреблять этот продукт при расстройстве пищеварения и разнообразных заболеваниях желудка. С помощью отвара из хурмы можно вылечить даже хроническую диарею! Для его приготовления нужно залить 6 спелых фруктов тремя стаканами кипятка. Затем необходимо дать отвару настояться в течение 20 минут. На конечном этапе следует процедить лечебное средство с помощью ситечка. Употреблять настой нужно каждые 4 часа по 500 грамм.

Укрепляет сердечно-сосудистую систему

Хурма содержит большое количество калия, сахаров, а также глюкозы и фруктозы. Это очень положительно влияет на работу сердечно-сосудистой системы. Врачи настоятельно рекомендуют употреблять хурму тем людям, которые страдают от гипертонии.

Положительно влияет на нервную систему

Хурма обладает тонизирующим эффектом. Весьма полезно употреблять этот продукт тем, кто страдает от расстройств сна. Хурма повышает иммунитет, благодаря чему увеличивается способность организма противостоять разнообразным стрессам и инфекциям.

Пользуйтесь природной кладовой и будьте здоровы!

По материалам интернет-ресурсов

ХАБАРЛАНДЫРУ

ОБЪЯВЛЕНИЯ

МАГАЗИН «МАГНАТ»

(бут. № 7, Центральный рынок),
Приглашает покупателей,
желающих приобрести качествен-
ный товар по
привлекательным ценам!
Только самые свежие модели
популярных гаджетов, содовых
телефонов и аксессуаров к ним, а
также различные электротовары и
электроника!
Мы работаем с казахстанскими
банками и предоставляем товары в
кредит! На весь товар имеется
гарантия!
Принимаем заказы на доставку
электроники из Алматы.
Время работы:
пон.-субб.: с 10.30 до 18.00 час.
Воскресенье: с 10.30 до 18.00 час.
Телефон: 8-701-554-15-54



ХАБАРЛАНДЫРУ

ОБЪЯВЛЕНИЯ

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по
мужской и женской
стрижкам, укладке, по
маникюру, наращиванию
ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:
ул. Космонавтов,
5-107,
телефон: 5-50-81
Время работы:
с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник

**На маникюр и педикюр
запись по телефону:**
8-771-699-32-89

Парикмахерская
Милолика

Ваша
красота -
Наша
работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в
Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Вэб-сайт: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,
ул. Сатпаева 15. Заказ № 45/481. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,
формат - А2,4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы
обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный
адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.